

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Әдебиет теориясының жеке
тұлғалармен берілген қысқаша
тарихына шолу



Мақсаты: әдебиет теориясы бойынша алғашқы дереккөздерге шолу жасау, жеке қағидаттар бойынша жасалған талдаулармен таныстыру, көне грек дәстүрін саралай отырып, теориялық тұжырымдарды дамытудағы ықпалын сипаттау.

Кілт тіркестер: адамзаттық таным, танымдық революция, тәрбиелік қызмет, абстракция күші, грек дәстүрі.

Негізгі идеялары:

- Платон және оның мұрасы.
- Аристотель идеялары.
- Августин еңбектеріндегі грек үлгілері.

Бүгін Антологиямен танысуды жалғастыра отырып, әдебиет теориясының қалыптасу арналарына шолу жасауды мақсат етіп отырмыз. Сіздермен бірлесе отырып, біз антикалық пәлсапаның Көне дәуіріне қайта ораламыз, сол арқылы ғылыми көзқарастардың тоғысқан әлеміне бойлаймыз.

Алдыңғы дәрісте айтылғандай, оқиғалар мен әңгімелер адамдарға түрлі әлеуметтік маңызы бар ақпараттарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мүмкіндігін сыйлады. Соның көмегімен адамзат тіршілігінің жаңа азаматтық алғышарттары қалыптасып, қазіргі заманауи өмір салтының негізі қаланды. Оқиғалар жадының өшпес қоры, адамзаттың жүріп өткен жолының сабағы, болашаққа бастау алар мұрасы деп есептелінеді. Кейбір этнологтардың пікіріне сүйенсек, адамзаттың когнитивтік революциясындағы маңызды өзгеріс қысқа мерзімді жадының қалыптасуымен байланысты. Алғашқы оқиғалар адамдардың есінде ерекше қалған деректерге негізделген әңгімелерден бастау алған деген болжам бар. Уақыт өте келе, бұл деректер ойдан қосылған мәліметтермен, жаңа кейіпкерлермен толығып, әңгімелер қатарын көбейтті. Кейбіреуі қоршаған ортадан қабылдаған үлгіде дамып отырды. Мысалы: қарға мен тасбақа туралы әңгімелерді алайық... Естеліктерден бастау алған әңгімелер уақыт озған сайын болашақтың болжамына айналды. Кешегі өткенімізді бүгінгі күнімізге және ертеңгі болашағымызға ұштастырар әңгімелеудің бұл әрекеттер графикасы адамдардың жоспарлау, болжай алу қабілеттерін дамытты. Нәтижесінде күрделі әлеуметтік желілер құрастырылып, ортақ мәдениетке бірігу, интеграциялану іске асырылды. Қоғамға пайдалы эмпатияға негізделген үйрету, оқыту бағыттары жүйеленді. Алғашқы адамзаттық оқиғалар қалыпты өлшемдермен ерекшеленді. Олардың қатарында жастарға өнеге көрсету, қоғамдық нормаларды үйрету, қауымдасу заңдалықтары бойынша нұсқаулық дайындау мақсаттары үстемдік алды. Оған дәлел ретінде, ерте кезде жазылған эпостарды, оның ішінде Гомер эпосын алып қарауға болады. Шығарманың өзегін жоғары адамгершілік нормалары, құрмет пен қонақжайлылық ұстанымдары айқындады.

«Әдебиет теориясы қалай пайда болды?» деген сұраққа жауап беру үшін көне тарих беттеріне үңілейік. Кітаптың авторлары әдебиет теориясының пайда болуы әңгімелеудің нормативті функциясы өз үстемдігін сақтап тұрған кезеңмен қатар келді деп есептеді. Мысал ретінде зерттеушілер теория бойынша жазылған алғашқы еңбектерге шолу жасады, солардың ішінде Платонның еңбектері ерекше құрметпен аталды. Афинада дәріс оқып, бірінші теоретик атанған, Батыста алғашқы жоғары оқу орнын – Академияны қалыптастырған ойшылдың ғылымнан алған орны ерекше. Танымал зерттеушінің айтуына қарағанда, әдебиет жастарды жақсы әдеп-қылықтарға тәрбиелеу керек. Бұл ойдың астарын антология авторлары адамзат эволюциясының салдары деп танылатын қоршаған орта заңдылықтарымен сабақтастырды. Олар адам танымын өз деңгейінде ұстап тұратын негіз деп анықталды, ал олардың өріс алу кеңістігі қалалы жерлер, мектептер мен тәжірибе алмасуға жағдай туғызатын мекемелер, жазба мұралар деп танылды. Психологтардың санасын оятып, қабылдауын тереңдеткен мәселелер қатарын оқу мен модельдеу шарттары дәйектеді. Олар адамзаттың танымдық қабілетін қалыптастыратын да, сол арқылы азаматтық қоғамда өмір сүруін айқындайтын да басты құралдары ретінде түсіндірілді. Кітапта, сонымен қатар, адамның когнитивтік және эмоционалдық қабілеттеріне әсер ететін сыртқы факторлар да сөз болады. Адамның танымдық қабілеті арқылы дамып, орын алған жазба мұралар, басылып шыққан кітаптар сыртқы құрал-



дар ретінде адамзаттың танымдық жетістіктерін сақтауға жұмыс істеді. Әрине, бұл жадыда сақталған мәліметтерді жаңғыртудың бір ғана әдісі немесе құралы емес. Адам баласы бүгінгі күні кеңінен қолданысқа енген мәдени және әлеуметтік құрылғыларды қолдануға қабілетті, сол арқылы адамзат өркениетінің басты құндылықтарын да сақтау мақсатын көздейді.

Жаңа танымдық абстракция сезімтал әсер мен абстракт идеялардың ара-жігін ажыратуға септігін тигізді. Платонның философиялық көзқарастары да осы айырмашылықтар шегінде дамыды. Ойшыл дана ақылмен қалыптасатын абстракт идеялардың сезіммен ұштасатын әсерлерге қарағанда шынайы болатынын ерекше атап көрсеткен еді. Дүниеде кейде әдемілікті дәл сипаттар мысалдарды табу қиынға соғады, дегенмен әр адам өз санасында не ойында сұлулықтық эталонын барынша айқын елестете алады. Платон Сұлулық, Шындық, Әділдік сияқты абстракт ұғымдар өмірде шынайы болады, олар таза пішіндер мен идеялардың рухани патшалығын құрайды деп есептеді. Бүгінгі ғылым көзқарасымен дәйектегенде, бұл – адамзат миының жаңа танымдық қабілеттері, сананың елестетер объектілері. Зерттеушілердің пікірі бойынша, аталған жаңа танымдық қабілет адамзатқа жаңа өркениетті дамытуға көмектеседі, бұл өркениет валюта, заң және риторика секілді мәдени құралдарға негізделген бағытты өрнектейді. Философ ойшылдың тұжырымдауында жаңа мәдени формалар, ойдан шығарылған оқиғалар осы жаңа өркениетте өзгеше маңызға ие болады. Жоғарыда аталған Әділдік, Сұлулық және Шындық сияқты идеалды және рационалды әлем еншісіндегі ұғымдар Платонның рационалды идеяларға деген сенімін бекіте түсті. Нәтижесінде олар ментальды концепцияларды сенсорлық деректерден ажырата алатын мидың қалыптасуын бейнелей отырып, сенсорлық нысандарды тереңірек бақылау қажеттігін негіздеді. Егер бұған дейін ми өмірді сақтау үшін сезім мен әсерден бастау ала отырып, барынша қырағылық танытуды көздесе, философтың айтуына қарағанда, енді азаматтық қоғам талаптары негіздеген өмір шарты мидың дамуына және әлеуметтік тіршілікке бейімделуіне мүмкіндік береді. Сол арқылы әлемді өз алдына жеке, дербес нысан ретінде зерттеу бағыттары дамып, азаматтық қоғам мен ғылымның қатар даму мүмкіндігі дәйектелді.

Платонның шәкірті Аристотель әдебиет табиғатын, оның құрылымы мен салдарын зерттей келе, аталмыш саланың әлемдегі өзге ғылымдармен тең тұра алатын қасиетіне назар аударды. Философтың айтуына қарағанда, әдебиет ғылымы геологиядан да кем түспейтін ғылыми зерттеу нысанын негіздей алды. Ғалым тарихи құрылымдарды сипаттау кезіндегі реттіліктің баяндалатын оқиғалар төңірегінде өрбитін жүйенің шиеленістер жігіне тікелей байланысты болатынын байқады. Аристотель әңгіменің баяндалу бағдары мен жанрлық ерекшеліктерін айқындайтын әдеби белгілерді ажырата отырып, комедия мен трагедияның табиғатына талдау жасады. Осы мақсатта әдебиеттің аудиторияға әсерін таразылай келе, ғалым трагедияның ойдан шығарылған кейіпкерлерімен тыңдаушыға әсер ете алатынын зерттеулеріне негіз етті. Эмпатияның маңыздылығын теоретик адамзат өркениетіндегі эмоцияның қажеттілігімен негіздеу арқылы оны күрделі қоғамдық қатынастардың, өзге адамға жанашырлық танытатын адами құндылықтардың өзегі деп талдады.

Трагедия мен комедияның ара салмағын, бір-бірінен айырмашылығын зерттеуші кейіпкерлер бейнесімен, олардың жанрда атқаратын негізгі миссиясымен дәлелдеді. Комедия образдары шынайы адам бейнесінен төмен тұратын кейіпкерлерді бейнелеуге негізделсе, трагедия, керісінше, оларды көтере дәріптеуге тырысады деген тұжырым да осындай салыстырудың нәтижесінде дүниеге келді. Сонымен қатар аса маңызды өзгешеліктердің бірін әдеби құралдар, әдіс-тәсілдер айқындайды деп есептеген Аристотель оларды сол образдарды бейнелейтін құнды бірліктерге жатқызды. Ақпарат құралдарының кез келгенін бірдей мақсатта қолдануға болатынын нысанға алған зерттеуші мысал ретінде Гомердің өзге адам бейнесінде баяндауын немесе еш өзгеріссіз сол қалпында қала отырып баяндай алу қабілетін сипаттады. Аристотельдің сөзіне сүйенер болсақ, кез келген «ұсыну» үрдісі үш түрлі ерекшеліктің тоғысын құрайды, олар: бұқаралық ақпарат құралдары немесе медиа арқылы, арнайы нысандар және өзіне тән мәнері арқылы.

Әдебиет теориясында грек үлгісі деп қалыптасқан ұғымға сәйкес, ақылдан мәдениетке, адам баласының саналы өміріне бағытталған кері байланыс кез келген талдаудың аса құнды өзегіне айналу керек деген ой қалыптасты. Грекияда Ағартушылық кезеңде өріс алған әлеуметтену мен жаңа сыпайылық нормалары қоршаған орта мен Афина мектептерінің даму бағытына тығыз байланысты болды. Бұл мәдени негіздер афиналықтардың алғашқы танымдық қабілетін де



қалыптастыруға септігін тигізді. Антология авторлары кезінде Рим империясының Грекияны жаулап алуы барша адамзат, әсіресе Батыс, мәдениеті мен танымының дамуына тосқауыл болғанын мойындауға тура келеді деп есептеді. Гректер негізін қалаған бұл құндылықтардың жойылуы адамзат жетістіктерін де төмендетті деп сұрыпталды. Авторитаризм, қатыгездік пен тонау сияқты қарабайыр автоматты инстинктер басқан әлемде ақылдың басқа түрлері үстемдік етті. Алты ғасыр бойында осы нормалар саяси және қоғамдық өмірдің басты құралдарына айналды.

Рим құлағаннан кейін гректер дамытқан мәдени экожүйе толығымен жойылды деп айтуға болады. Алайда символикалық ойға деген талпыныс әлсіреген жоқ. Батыста католикалық шіркеулер Грекияда қалыптасқан кейбір когнитивтік дәстүрлі қабілеттерді сақтай отырып, сенсорлық тәжірибеден бөлек қарастырылатын абстракт ойлауға ден қойды. Оның себебі шіркеу ойшылдарының діни мәтіндердің астарындағы құпия сырларды бейнелейтін аллегорияға тәнті болуымен түсіндірілді. Шіркеу ойшылдары Платонның да мәдени даму идеясын сақтауға тырысты, себебі оның астарында адамның өзін-өзі ұстау әдеби көрініс тапқан еді. Аристотельдің мәтіндері болмаса да, Августин сияқты ойшылдар логика мен тіл жұмысына негізделген аналитикалық дәстүрлерді кеңінен қолданды. Олардың дайындауымен болашақ мәдениет саласындағы аналитиктерге арналған сипаттаушы құрал – тіл теориясы жарық көрді.

Жазба мәтіндердің бірден қабылдауын қиындататын екі түрлі себептің түп тамырын Көне ойшылдар тілдік құралдардан іздеді, өйткені олар мәтіннің мағынасы құрамындағы тілдік таңбалардың түсініксіздігімен не ауыспалы, көпмағыналы табиғатымен айқындалады деп тұжырымдады. Таңбалар не сол қалпында қабылданатын шынайы келбетімен, не метафоралық құбылуымен көзге түсетіндіктен, олардың қолданыстағы қызметі де не атауыштық функциясымен, немесе ауыспалы мағынаға ие болатын жаңа ұғымдық кеңістігімен өлшенді. Бірінші жағдайда сөз заттың не құбылыстың атауы ғана болса, екінші жағдайда оған үстеме мағына қосылып, ол басқа бір құбылыстың не ұғымның жаңа қасиет-қабілетін ашуға үлесін қосатын дәрежеде болды. Мысалы: «bovem» латын тілінен аударғанда «бұқа» деген мағынаны білдіреді. Бұл – оның тура мағынасы. Егер белгілі бір шығармаларда ол сипаттаушы мағынаға ұласса, оның мағынасы метафоралық сипатқа ауыса отырып, сөздің мағыналық қолданысын кеңейтетін болды. Мәселен апостол Павелдің сөзінде ол «Евангелий қызметкерін» білдіре отырып, адамға тән өзге қасиеттерді анықтауға бағытталды.

Әдебиет әлемі саналы және автоматты механизмдермен, моторлы және интеллектуалды үдерістермен тоғыса отырып, адам баласына тән өмір сүру қағидаттарын анықтайды. Ол адамның ішкі «менін» сыртқы қоршаған орта заңдылықтарымен байланыстыра дамытындықтан, қазіргі заманда адамның табиғатын әлеуметтік құбылыс ретінде де, рухани сабақтастық ретінде де бағалай білу аса маңызды. Осыған орай, көркем шығармалар табиғатын зерттейтін ғылым саласын да адамзат тілінің өзгеше көрсеткіші, тілдесім әрекетінің қайталанбас бірлігі, адамгершілік қағидаттарының тұтастығы, объективті және субъективті таным көкжиектерінің тоғысы тұрғысынан зерделей білу құнды. Бұл функциялардың терең мағыналы сипаты әлеуметтік-гуманитарлық таным ұстанымдарымен бірлік құрай келе, төмендегідей ұғымдардың түсініктемелерімен дәйектеледі. Олар: адам мен қоғам туралы білімді дамыту, адамзат тіршілігінің құндылықтарын игеру және қабылдау, жазба және археологиялық дереккөздердің маңыздылығын мәтіндермен сабақтастыру және т.б. Бүгін диалектика табиғатын зерделеу, оның антропологиямен байланысына мән беру арқылы қарама-қайшылықтар мен ғылыми таным мәселелерін әлеуметтік-гуманитарлық бағыттардың, оның ішінде әдебиеттанудың негізі деп анықтау жаңа ізденістерге жол ашты (2). Кез келген ғылым адамның ерекшеліктерін зерттеуге негізделетіндіктен, диалектикалық синтез бен бірін-бірі алмастыра алу сипатындағы тұжырымдарды эмпиризм, сезімталдық, таным немесе когниция ұғымдарымен бірлікте қарастыруға болады.

Сол дамудың үлгісі ретінде 700-ге жуық адамның жоғалған грек мәтіндері мен жазбаларын қайта тауып, грек жобаларын қайта іске қосуын көрсетуге болады. Қайта Өрлеу дәуірінде оралған ақсүйектер мәдениетінің арқасында ойшылдар әдебиетті өзіндік өлшемдері бар әрі терең талдаулар кеңістігін ашатын адамгершілік ұстанымдары мен мәдени нысандар тұрғысынан қайта зерделеу мүмкіндігіне ие болды. Данте Алигьери өз дәуірінің беделді ақыны да, Қайта Өрлеу кезеңінің білікті әдеби теоретигі де болды. Оның сұрлеуінен әдеби мәтіндердің әр түрлі нұсқалары өтті. Алғашында діни мәтіндерді талдау бағытында қолданылған аллегориялық



зерделеуден туындаған интерпертациялық және герменевтикалық ұстанымдар кейін дәстүрлі әдеби талдау түріне айналды.

Теоретиктер жазылым дәстүрлері немесе ритуалдары негізгі 4 сезімге сүйене отырып, түсіндіріліп, баяндалу керек деп есептеді. Алғашқысы тура мағыналы талдау болғандықтан, оның қолданысы сөзді таңбалайтын әріптердің табиғатынан аспады. Келесісі аллегориялық деп аталды. Бұл ретте сөздің мағыналық аясы кеңейіп, әдеби шығармалардың желісі ойдан туындаған әдемі өрнектермен толыға түсті. Мысалы, Овидийдің айтуына қарағанда, Орфей өзінің керемет лирасының арқасында жабайы аңдарды үйретіп, тастар мен ағаштарды өзіне жақындатты. Дана адам даусын құрал қылып қатал жүректерді жұмсарту арқылы білім мен өнер құшағына бет алған мақсатына бой түзеді. «Ақыл-санасы төмен адамдар болса, тас сияқты ғұмыр кешер» деген тұжырым арқылы насихатталатын өзгеше поэзиялық сезімдер шіркеу қызметкерлерінің қабылдауынан бөлектеніп тұратын ақындық рухтан нәр алды. Сол арқылы кітапта аллегориялық мағына ақындық қолданыс тұрғысынан жан-жақты талдау нысанын құрады.

Үшінші сезімге құрылған мағына адамгершілік қағидаттарынан бастау алды. Бұл жағдайда ойшыл ұстаздар Киелі Жазбаларға арқау болар ережелерге сүйенді, оның ішінде жеке пайда мүддесін таразылау қажеттігі басты назарда болды. Оған дәлел ретінде Евангелияда сипатталған бір сәтке назар аударуға болады. Жаңа кейіпке ену мақсатында тауды бетке алған Христос 12 Апостолдың ішінен тек өзіне қолайлы үшеуін ғана таңдаған екен. Бұл үзіндінің астарында жасырылған ойдың түйіні «Үлкен құпияда дос та аз болу керек» дегенге сайды.

Төртінші мағына аналогиялық деп аталады. Сезімнен аулақтау орналасқан бұл құралдың қолданысына мысал ретінде қайта Киелі Жазбаларға назар аударуға болады. Рухани өрлеу мақсатын көздеген жазбаларда сөздер тура мағынасында қолданысқа түсе отырып, мәңгіліктің символын дәріптейтін аса құнды ұғымдармен сабақтасты. Айталық, Пайғамбар әніндегі тұжырымды ойға сәйкес, Иудей елі өз еркіндігіне Израиль халқы Мысырдан шыққан кейін қол жеткізді деп сипатталды. Бұл жағдайларда тура мағына алдыңғы қатарға шығатын өзге мағынаға қосалқы ойлар үстейді. Бұл аллегория табиғатын аша алатын басты шарттардың бірі деп есептелді.

Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы «адам санасының» үш негізін танымдық ізденістерге арқау ете отырып, өз пәлсапасын осы үш арнадан өрбіте талдады. Ол: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – тую, талғау» (3), – деп жазды. Сонымен, құрылымы күрделі, мағынасы терең әдебиет адамзатқа тән логикалық, пәлсапалық және психологиялық өзгешеліктермен үйлесімділікте дами отырып, ішкі және сыртқы тұтастықтың маңызды көрсеткішіне айналды.

Бақылау сұрақтары

1. Платонның әдебиет теориясына қосқан үлесін қалай бағалауға болады?
2. Аристотель еңбектеріндегі жанрлық ерекшеліктерді қалай сипаттауға болады?
3. Грек үлгісі және мәдени экожүйе дегенімізді қалай түсіндірер едіңдер? Шіркеу ойшылдарын тәнті еткен қандай құралдар?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. Үшінші басылым. 7–13 б.
2. Лоцилин А.Н., Лоцилина М.А. Диалектика методов и научного познания. Сборник тезисов XIII ежегодной научно-практической конференции «Актуальные вопросы диалектики (историко-философские аспекты)», 2000, с. 7–10.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 б.